

**Абай атындағы шағын орталықты орта мектебінің Қамқоршылық кеңес отырысының**

**№ 1 ХАТТАМАСЫ**

Еңбекші ауылды

28.09.2020 жыл

Катысқан: 7

Кеңес төрағасы: Р. Секербеков

Кеңес хатшысы: Г. Таштанбаева

**КҮН ТӘРТІБІ:**

Білім беретін мектепте күрылған қамқоршылық кеңес алдында мектеп директорының есеп беруі.

**Тыңдалды:** Р.Секербеков-Қамқоршылық кеңес төрағасы. Қамқоршылық кеңес мүшелері алдында мектеп директоры есеп беру туралы баяндады.

**1. Тыңдалды. А.Ж.Абисиев- мектеп директоры**

Педагог қызыметкердің кәсіби әлеуетін арттыру қарқынды жұмысты талап ететіндігін айтып өтті. Дегенмен Абай атындағы шағын орталықты орта мектебінде мектептің материалдық техникалық базасын нығайту барысында бірқатар істер атқарылып, жатқандығына нақты тоқталып өтті.

Қашықтықтан білім беруге көшүге байланысты оқушылардың сапалы білім алуына жағдай жасау мақсатында мектеп балансында тұрған компьютерлік техникаларды (компьютердің толық комплектісі) әлеуметтік аз қамтылған отбасынан шыққан 63 балаға бір данадан таратылып берілді.

Сондай-ақ маусым айында мектеп ішінен әжетхана соғу жұмысы басталып, қазан айының басында қолданысқа берілді. Ұлдар 5 нүктө, 2 писуар, 2 қол жуғыш. Қыздар 7 нүктө, 2 қол жуғыш іске қосылды.

Мердігер: Алиар Сервис, Боранбаев Д.

Мектептің материалдық-техникалық базасын жетілдіру бағытында ұсыныстар ұсынды:

- оқу кабинеттерін жаңа дидактикалық жабдықтармен қамтамасыз ету жолдарын қарастыру;

- кітапханадағы кітап қорын ұлгайту;

- жаңа модификациялық пән кабинеттерімен жабдықтау;

- интернет жылдамтығын күшейту жолдарын қарастыру;

Мектептің даму жоспарының орындалуын жетілдіру бағытында мынадай ұсынымдар айтқым келеді:

- барлық субъектілердің катысуымен, ұжымның пікірін ескерумен даму жоспарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу;

- мектеп демеушілерімен жұмысты жандандыру;

- ата-аналармен және жергілікті қауыммен бірлескен жұмыстар ұйымдастыру;

- мектепте әлеуметтік-педагогикалық, психологиялық, медициналық сауаттандыру және құқықтық білімнен көмек қажет ететін ата-аналарға арналған «Консультациялық кеңес» құру;

- бала тәрбиесіндегі қындықты сезінетін жас отбасыларға көмек ретінде тәжірибелі ата-аналардан тәлімгерлер тағайындау.

**2. Сөйлемді. Р. Секербеков-Қамқоршылық кеңес төрағасы:**

- Қамқоршылық кеңес жұмысының күрылымы мен ұйымдастыру тәртібі, жұмысының негізгі бағыттарына тоқтала отырып, білім саласын басқаруға катысу формаларының бірі екендігіне, білім беру ұйымын дамытуға мүдделі адамдарды ерікті негізде біріктіретін мемлекеттік емес,

коммерциялық емес қоғамдық үйім болып табылатындығын айтты өтті. Соңдай-ақ, Қамқоршылық кеңес жұмысы арқылы білім беру үйімінде жұмыссының сапасы жақсаратындығын, білім беру үйімінде жайлыштырығы мен қауіпсіздігі ғана емес оқу-тәрбие үрдісінің сапасын да көтеруге ықпал ететіндігіне тоқталып өтті.

- Оқу білім бағдарламасын стандартқа сай іске асыру мақсатында білім беру үйімінде оқушыларына және педагогикалық ұжымға қажетті жағдай жасау, қаржылық қолдауды қамтамасыз ету, білім беру үйімінде материалды техникалық базасын күшейту т.б. өзекті мәселелермен қатар, білім беру үйімінде оқу-тәрбие үрдісі, әлеуметтік-мәдени, сауықтыру, дамыту бағыттарындағы іс-шараларды үйімдастыруға көмек көрсету, әлеуметтік тұрғыдан аз қамтылған отбасылардан шыққан балалардың тұрмыстық жағдайларын жақсарту мен жұмысқа орналасуын қамтамасыз ету, білім беру үйімінде оқушылардың кемшілікті жоюға бағытталған ұсыныстар енгізу, білім беру үйімінде оқушылардың алдындағы есебін тыңдалап қабылдау болып табылатындығын айтты.
- Сонымен қатар, Қамқоршылық кеңес жұмысын жүргізуде басшылыққа алатын бірқатар нормативтік-құқықтық актілерді атап өтті.

## 2. Сөйледі. Д. Мұсабекова - Қамқоршылық кеңес мүшесі:

Мектептің материалдық техникалық базасын нығайтуға жергілікті бюджеттен қаржы қарастыруға Қамқоршылық кеңес тараپынан ықпал ету қажет екендігін айтты. Сонымен қатар, әлеуметтік жағынан аз қамтылған оқушыларға материалдық қолдау көрсету үшін демеушілерді тарту, бөлінген қаржының мақсатты жұмсалуына бақылау жасау туралы айтты өтті.






## 3. Сөйледі. Р. Секербеков-Қамқоршылық кеңес төрағасы:

Мектеп директоры өз міндетіне жауапты қарағандығын өз есебінен тыңдадық. Мектеп директорының жұмысы қанағаттанарлық деп есептейміз.

Күн тәртібіндегі мәселені талдаң талқылай келе кеңес мүшелері бір ауыздан төмендегідей ШЕШІМ ЕТТИ:

### ШЕШІМ:

1. Абай атындағы шағын орталықты орта мектебіндегі қамқоршылық кеңестің жұмысын жүргізу Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2017 жылдың 27 шілдедегі «Білім беру үйімдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын үйімдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» №355 бүйрүғын басшылыққа ала отырып жүргізілсін.
2. Абай атындағы шағын орталықты орта мектебінің директорының жұмысы қанағаттанарлық деп танылсын.

1. Р.Секербеков  кеңес төрағасы
2. Т.Көпбаев  кеңес мүшесі
3. М.Байғасқаева  кеңес мүшесі
4. Н.Сансызбаев  кеңес мүшесі
5. Қ.Саменқұлов  кеңес мүшесі
6. М.Джапаркулова  кеңес мүшесі
7. А.Инкарбекова  кеңес мүшесі

